ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



**№ 2(22) сәуір-маусым 2020**
**ISSN 2710-3994**

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*
*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*
*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*
*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*
*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*
*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (1992-2019 жж.)

**Мұхатова О.**

Т.ғ.д., профессор. Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. Алматы қ., Қазақстан.

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақалада Ұлы Дала еліндегі азаттық қозғалыстардың посткеңестік кезеңде зерттелуі талданады. Тарихшылардың жаңа көзқарастары көрсетіледі. Ғалым-тарихшы М.Қ. Қозыбаев көрсеткен азаттық күресінде зерттелуге және қайта зерделенуге тиіс мәселелер анықталады. Ғалымның «Жауды шаптым ту байлап» атты еңбегіндегі тың тұжырымдарға баға беріледі. Азаттық үшін күрес тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелерін зерделеген С.Ф. Мәжитовтің еңбектері туралы айтылады. Ж. Қасымбаевтың Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы еңбектерінің мазмұны ашылады. Тарихшы Е. Уәлиханов зерттеулерінің маңызы айқындалады. Қазақ даласындағы ұлттық бірегейлікті сақтауға және нығайтуға арналған күрестің өткенін арнайы зерттеген М. Қойгелдиевтің, Ж. Артықбаевтың, О. Қоңыратбаевтың, Х. Әбжановтың, С. Смағұлованың және т.б. тарихшылардың проблеманы зерттеуге қосқан үлестері анықталады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты зерттеуге арналған диссертациялар, конференциялар жөнінде айтылады. Шетелдік зерттеушілердің қазақ халқының азаттық күресі туралы көзқарастары көрсетіледі.
**Түйін сөздер:** үлес., тұжырым, жаңа көзқарас, ұлттық бағыт, тарихнама, талдау, тарих, азаттық күрес, посткеңестік кезең

## ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В ПОСТСОВЕТСКИЙ ПЕРИОД (1992-2019 гг.)

**Мухатова О.**

доктор исторических наук, профессор. Главный научный сотрудник института истории и этнологии им. Ч. Валиханова. г. Алматы, Казахстан.

**Аннотация.** *Введение.* В статье анализируется изучение национально-освободительных движений в стране Великой Степи в постсоветский период. Показывается новые взгляды историков. Определяются проблемы требующие нового осмысления и изучения в свете современных научных подходов показанные ученым-историком М.К. Козыбаевым. Дается оценка новым концептуальным выводам полученные отражение в исследовании ученого «Жауды шаптым ту байлап». Излагается новизна трудов С.Ф. Мажитова, который исследовал теоретические и методологические проблемы борьбы казахского народа за независимость раскрыватся содержание трудов Ж. Касымбаева о движении под предводительством Кенесары Касымова. Определяется научное значение исследований Е. Валиханова. Рассматривается вклад ученых М. Койгелдиева, Ж. Артыкбаева, О. Коныратбаева, Х. Абжанова, С. Смағұловой и др., специально исследовавших борьбу казахского народа за сохранение и укрепление национальной идентичности. Излагается о диссертациях, конференциях посвященных истории освободительного движения 1916 года. Показываются взгляды зарубежных исследователей на освободительную борьбу казахского народа.

**Ключевые слова:** историография, анализ, история, освободительная борьба, постсоветский период, национальный подход, новый взгляд, концептуальный вывод, вклад.

**STUDY OF THE HISTORY OF NATIONAL LIBERATION MOVEMENTS IN THE KAZAKH STEP IN THE POST-SOVIET PERIOD (1992-2019)**

**Mukhatova O.**

Doctor of Historical Sciences, Professor Chief Researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Almaty,Kazakhstan.

**Abstract.** *Introduction.* The article analyzes the study of national liberation movements in the country of the Great Steppe in the post-Soviet period. The new views of historians are shown. Problems are identified that require new understanding and study in the light of modern scientific approaches shown by the historian M.K. Kozybaev. An assessment is given of the new conceptual conclusions received as reflected in the study of the scientist «Jaudy shaptimy tu-lap». The novelty of the works of S.F. Mazhitova, who investigated the theoretical and methodological problems of the struggle of the Kazakh people for independence, reveals the contents of the works of J. Kasymbaev on the movement led by Kenesary Kasymov. The scientific significance of the research of E. Valikhanov is determined. The contributions of scientists M. Koigeldiev, Zh. Artykbaev, O. Konyratbaev, H. Abzhanov, S. Smagulova and others specially exploring the struggle of the Kazakh people for the preservation and strengthening of national identity are considered. Describes dissertations, conferences devoted to the history of the liberation movement of 1916. The views of foreign researchers on the liberation struggle of the Kazakh people are shown.
**Keywords:** historiography, analysis, history, liberation struggle, post-Soviet period, national approach, new view, conceptual conclusion, contribution.

**Кіріспе**

Кеңес Одағының ыдырап, социалистік жүйенің жойылуына байланысты қазақстандық ғылымында тарихты жазуда, зерттеуде өзекті мәселелерге жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, дербес, тың ой-пікірлер мен тұжырымдар түйіндеу міндеті тұрды. Алайда жаңа бағытта төл тарихымызды жазуға тарихшылардың теориялық және методологиялық дайындықтарының жеткіліксіздігі кедергі келтірді. Соның нәтижесінде жаңа тәуелсіз методологияны қалыптастыру ұзақ уақытқа созылды. Ұлы Дала еліндегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын жаңа ұстанымдар тұрғысынан зерттеудің қажеттілігі туса да, ол бірден қолға алына қоймады. Осыған дейін ғылымда орын алып келген тұжырымдар өзгеріп, оларға балама, тың көзқарастар шыға қоймады. Себебі ұзақ жылдар бойы тарихшылар ешбір баламасыз саналған маркстік-лениндік методологияға, таптық, партиялық бағыттарға төселіп қалған еді. Сондықтан да «дәстүрлі» методологияны бұзып-жарып, балама ұстанымдарды ұсыну мүмкін болмады. Дегенмен тарихшыларға ой салып, ғылыми арнаның ағысын объективті жолға бұруға ұмтылған бірлі-жарым ғалымдар табылды.

**Әдістер**

Ғылымда көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық пен саяси қақтығыстар туралы теориялар бар. Осыған орай халықтар арасындағы байланыстар қақтығыстар мен ынтымақтастық тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық туралы XIX ғасырда Эмиль Дюркгейм арнайы тұжырымдама ұсынған. Ынтымақтастықты

механикалық және органикалық деп екіге бөле отырып, оны ең жоғарғы моральдық принцип, әмбебап құндылық ретінде зерттеген. Ынтымақтастыққа қарама-қайшы қақтығыстар немесе жанжалдар туралы теорияны Ральф Дарендорф қалыптастырды. Ол қақтығыстың өзі үстемдік етуден туындайтындығын дәлелдеген. Мұндай тұжырымдамалар қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерделеуге қазақ жүздерінің және патшалық Ресейдің ұстанымдары мен пиғылыдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар дүниежүзілік тарихнамадағы өркениеттілік және ұлттық бағыттар басшылыққа алынды.

Тарихнамалық деректер мен фактілерді талдау «тарих және қазіргі заман» парадигмасы бойынша жүргізілді. Сондай-ақ тарихнама ғылымының заңдылықтарына арқа сүйелді. Ғылымдағы тарихилық, объективтілік және әлеуметтік қағидалармен қатар тарихи-салыстырмалы, нақты және логикалық талдау, ретроспективті, өзектілік, перспективтілік әдістері пайдаланылды.

*Ұлт-азаттық қозғалыстарға жаңа көзқарастың қалыптасуы.* Отандық тарих ғылымында тыңнан жол салғандардың бірі академик М. Қозыбаев еді. 1991жылдан бастап М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихының, тарихнаманың және деректанудың методологиялық мәселелерін көтерген зерттеулері жарық көре бастады. Ғалымның «Ақтаңдақтар ақиқаты»( Қозыбаев, 1992), «История и современность» (Козыбаев, 1993) «Жауды шаптым ту байлап» (Қозыбаев, 1994), екі томдық «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» (Козыбаев, 1993) еңбектері – Отан тарихын жаңа қырынан жазу мен зерттеуге бағытталған тың идеяларға толы зерттеулер еді. Ғалым азаттық күресінде зерттелуге және қайта зерделенуге тиіс мәселелерді көрсетіп берді. М. Қозыбаев «Жауды шаптым ту байлап» еңбегінде қазақ халқының бірегейлігі мен біртұтастығы үшін күрес тарихын жаңа тарихи таным тұрғысынан қарастырып, тарихшылардың келесі буынына үлгі бола білді. Ғалымның Ұлы Дала еліндегі азаттық күреске берген бағасы осыған дейінгі бірде-бір зерттеуде орын алмады. Жаңа тұжырымдар ғылым үшін маңызды болды. Олар мынадай: «Кене хан хандық биліктің кеселге ұшырамаған, дала демократиясына негізделген сипаты үшін күресті. Бұл бір. Екіншіден, хан Кене де Сырым батырға ұқсап патша мен халық арасында жүріп мал тапқан сатқын сұлтандарға, билерге, батырларға қарсы соғысты. Сөйтіп, Кене хан бастаған күрес те бүкіл халықтық сипат алды. Үшіншіден, Сырым бастаған, Кене хан бастаған күресті қолдаушы, оның негізгі қозғаушы күші қара шаруа еді» (Қозыбаев, 1994:105). Тарихшы-ғалымның соңғы екі тұжырымы кеңестік кезеңдегі осы мәселені терең зерттеген М. Вяткин, Е. Бекмаханов, Е. Дилмұхамедов пікірлерімен үндес. Дегенмен Сырым және Кенесары қозғалыстарының үндестігіне назар аударған ол екеуінің ерекшеліктерін «Сырым батыр бастаған қозғалыстың реформаторлық қасиеті жоғары. Ал Кене хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың отаршылдыққа қарсы көптеген өзгешелігі – елдің егемендігін, мемлекеттілігін негізгі күрес мотиві етіп, күн тәртібіне қойғандығында» (Қозыбаев, 1994: 105), - деп көрсетті. Осыған орай тарихшы-зерттеушілерге ой сала: «тарихшы қауым әр көтерілістің өзіндік жеке сипатын және жалғастықты, сабақтастықты, түбегейлі, жалпылама бірегейлік білдіретін қасиеттерін зерттеуі абзал» (Қозыбаев, 1994:105), - деп жазды. Ғылымда Ұлы Дала еліндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың орын алу себептері анықталған-ды. Дегенмен М.Қ. Қозыбаев оларды нақтылай түсті. Автордың пайымдауынша ол себептер патшалық отарлаумен тығыз байланысты, өйткені «дәл тарихтың осы кезеңінде көшпелі ел өркениетінің тамырына балта шабылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет өзінің өрісінен айрылды, қанаты қайрылды. ... отаршылдық осымен қатар ұлттың біртұтастығының ғасырлар бойы қалыптасқан ата заңын (әдеп-заңы), ғұрыптарды, мемлекеттік басқару жүйесін бұзды. Ресейлік әкімшілік-саяси жүйе қазақ елінің дәстүрлік әлеуметтік байланысын үзді, көшпенді елдің әлеуметтік тұтас организмі дағдарысқа ұшырады» (Қозыбаев, 1994:108). «Ұлттық сана сезім өз дәрменсіздігін сезген, ұлттардың жойылып кету

қаупі туғанда, ел тағдыры, жер тағдыры ойландырғанда, қазақ қоғамының болашағын түп қазық еткен халықтық қозғалысты хан Кене бүкіл бір өркениетті қорғаушы санатында» (Қозыбаев, 1994:108). қозғалысты бастады. Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселені хан Кене нақты қойды. Ол Ресейден біржолата азат бола алмайтынын түсінді, сондықтан да қазақ елін Абылай хан тұсындағыдай империяның көлеңкесінде өз еркімен ішкі бостандығын, халықтың болмысын, хандық құрылысты сақтаған ел қылуды армандады (Қозыбаев, 1994:108-109). М. Қозыбаев хан Кене қозғалысының бірнеше ерекшеліктерін айқындады. Олардың бірі – «оның көсемінің заңды ел билеушісі болып танылуында» (Қозыбаев, 1994: 109). Ал келесі бір ерекшелігі – «ол қозғалыс туралы Европа жұртшылығының хабардар болуы, прогресшіл зиялы қауымның қазақ сахарасындағысол бір қиямет оқиғаларға рухани қатысуы, көңілін, ниетін бұруы» (Қозыбаев, 1994:109).

М.Қ. Қозыбаев Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс турасында өз ойын білдірді. Көтеріліс қазақ халқының азаттық күресінің жалғасы іспеттес болды. Алайда оның өзіндік себептері де бар-ды. Ол себептер бірден-бір Жәңгір ханның билігімен, ол жүргізген реформалармен тығыз байланысты. Ал Ж. Қасымбаев өзінің монографиясында (Касымбаев, 2001) Жәңгір ханды жаңашыл, реформатор, білімді, Еуропаға еліктеген билеуші ретінде сипаттады. Осы орайда М. Қозыбаев екеуінің көзқарастары тоғыса қоймады. Манаш Қабашұлының пікірінше «Жәңгір ханның жүргізген саясатының кейбір прогресстік маңызын атай отырып, реформаторлық істері хан үкіметін нығайтқандығын, оған европалық монархиялық сипат бергендігін, отаршылдықты күшейтуге «Хан билігінің тұсында таптық қысымға түскен, басым көпшілігі люпендік жағдайға түскен, азып-тозған халық» көтеріліске шықты. «Жәңгір хан европалық өнер мен білімді қандай шапшаңдықпен енгізсе, отаршылдықты – жаңа шыңға көтерер саяси реформаларды да өте асығыстықпен, күшпен, зорлықпен жүргізді» (Қозыбаев,1994:119). Сондықтан мұның бәрі «елде революциялық дағдарыстың онан әрі өрлеуіне, халық бұқарасының патша өкіметін қыспаққа алуын күшейтуге әкеліп соқты (Қозыбаев, 1994:119).

Ғалым 1916 жылы бүкіл Орталық Азия және Қазақстанды қамтыған көтеріліс туралы да жаңа көзқарас танытты. М. Қозыбаев: «1916 жылғы ұлттық қозғалысты ұзақ жылдар бойы зерттеушілер көтеріліс деп бағалап келді. Көтерілген халық қозғалысқа бірте-бірте дем берді, таудан аққан селдей ол бір-біріне жалғасып, жайыла берді, тайфундай сытырлатып, күтірлетіп, теңселтті. Басқаша айтқанда, ол бір жерде болған көтеріліс емес, сериялы көтерілістер, көтеріліс шеңберінен шығып, төңкеріс дәрежесіне көтерілді» (Қозыбаев, 1994:130). «Бұл жай бұрқ етіп көтеріліп, жалп етіп сөнген бір қасқағымдай көтеріліс емес. Ғасырлар шері қатпарланып, халықты қайыстырып, туған елді тастап, шекара асып, ауып кетуге дейін шешім алған халықтың шешуші қадамы – төңкеріс» (Қозыбаев, 1994:131), - деп жазды.

ХХ ғасырдың соңында СФ. Мәжитовтың ұлт-азаттық қозғалыстардың теориялық-методологиялық мәселелерін және тарихнамасын қарастырған еңбектері жарық көре бастады (Мажитов, 2002). Оның пікірінше соңғы уақыттарға дейін қазақстандық тарихнамада зерттеушілер ұлт-азаттық күрес тарихының мерзімдік шегін ХУІІІ ғасырдан бастап, ХІХ ғасырдың 70-жылдарымен аяқтайды. 1916 жылғы азаттық қозғалыс қамтылмайды. Автор азаттық қозғалыстар кезеңдемесіне 1916 жылғы қозғалысты және 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін қоса отырып, оларды төрт: І саты - 1731-1847 жж.; ІІ саты – 1847 ж. – ХІХ ғ. соңы; ІІІ саты – ХХ ғ. басы-1940 жж.; ІУ саты – ХХ ғ. 1950-1990 жж. сатыға бөледі (Мажитов, 2007), яғни қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауынан бастап, Қазақ елінің тәуелсіздік алу уақытымен аяқтайды. Отандық тарих ғылымында тұңғыш рет ұлт-азаттық күрестің теориялық мәселелерін анықтады. Қазақ халқының азаттық күресінің тарихнамасына тоқтала келе Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың зерттелуін жаңа қырынан талдайды.

*Ж. Қасымбаев және азаттық қозғалыстарды зерделеу.* Ұлт-азаттық қозғалыстарды, соның ішінде Саржан, Кенесары, Исатай-Махамбет көтерілістерінің тарихын белгілі ғалым, тарихшы Жанұзақ Қасымбаев зерттеді. Ғалым осы мәселеге бірнеше монографияларын және мақалаларын арнады. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы зерттеулері тың архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізуімен ғана емес, жаңа тарихнамалық фактілерімен ерекшеленді. «Последний поход хана Кенесары и его гибель» (Касымбаев, 2002) еңбегінде жасалған тарихнамалық шолу аталған қозғалыс тарихының зерттелу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты XIX ғасырда зерттегендердің еңбектеріне тоқталып, олардың тұжырымдарын сынға алды. Мәселен, Л. Мейердің хан Кененің дархан даланың оңтүстігіне өтуін «дала қарақшысының мансапқорлық әрекеттерімен» байланыстырғанын, Кіші жүз көшпелілерінің қозғалысқа қатысуын біржақты қарастыруын, автордың еңбегіндегі мәліметтердің өзге де замандастарының шығармаларында қайталанатындығын баса көрсетті. Л. Мейердің Кенесарының Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстік Қырғыз еліндегі әрекеттеріне жасаған сипаттамасымен А.И. Добросмысловтың, Н.И. Красовскийдің, И.Ф. Бабковтың, Ш.Ш. Уәлихановтың Я. Полферовтың және т.б. берген бағаларының үндес екендігі туралы жазды. «А.И. Добросмыслов, Н.И. Красовский, Ш.Ш. Уәлиханов Кенесарыны «бүлікшіл», «ойрандаушы», «ойрандаушылардың қайсары» деп атағандарына назар аударды. Ж.Қасымбаев басқа зерттеулерде айтылмайтын Батыс Сібірдің губернаторы болған, Кенесары көтерілісі жөнінде материалдар жинаған И.Ф. Бабковтың еңбегі туралы жазды. Сондай-ақ бұл мәселенің қырғыз тарихшыларының еңбектерінен көрініс тапқандығына назар аударды. Қырғыз тарихшыларының арасында кеңестік кезенде қазақ-қырғыз қақтығысын өткір сипаттаған Б. Джамгерчиновтың зерттеуін атап көрсетті. Ж. Қасымбаевтың атап көрсетуінше, Ормон хан туралы Б. Джамгерчиновтың зерттеуі 1945 жылы Е. Бекмахановтың монографиясынан екі жыл бұрын жарияланды. Кенесарының қырғыз жеріне келуінің басынан бастап шайқаста қаза болуына дейінгі әрекеттерін Б. Д. Джамгерчинов Ұлы жүз қазақтарын күшпен өзінің хандығына қосып алуға ұмтылу, қырғыз манаптарын бағындыру ретінде көрді. Ал келесі 1960-жылдардың бас кезінде жарық көрген монографиясында Кенесары күресінің соңғы сатысын «тонау соғысы» деп атады. Б. Джамгерчиновтың пікірінше «Абылай руының өкілі Кенесары сұлтан өзінің алдына Қазақстанда хандық билікті қайта қалпына келтіру мақсатын қойды» (Касымбаев, 2002:18) - деп жазды. Шындығында Кенесары сұлтан Ұлы Дала елінің тұтастығы мен отаршылдыққа қарсы күресті. Тарихшы Е. Уәлихановтың сөзімен айтқанда, «әкімдер қалыптасқан жағдайда Кенесарының тек Ресейден бөлініп кету ғана емес, өзінің тәуелсіз мемлекетін құрғысы келетінін және одан басқа жолдың жоқтығын әрқашан түсіне бермеді. Сондықтан да билікке ықпал етудің жалғыз тәсілі қарулы әрекет деп есептеді» (Валиханов, 2004:64).

Посткеңестік кезеңдегі қырғыз тарихшысы, профессор Т. Кенесариеваның монографиясында қазақ-қырғыз қарама-қайшылығының басты себептерінің бірі аймақтағы жалпы ахуалдың шиеленісуі патша өкіметінің отарлау саясатының салдары арқылы қарастырылды. Өкінішке орай, кеңестік ғылымда мұндай теориялар мен тұжырымдамалар белгісіз болып келді. Сондықтан да ұзақ уақыт бойы қырғыз тарихшыларының Кенесары қозғалысының аяқталу сатысын зерттеу позициясы Б. Джамгерчиновтың көзқарастары ықпалында болды. Тек 1990-жылдардың соңында ғана олар Кенесары қасіретінің мәресін біршама объективті түрде сипаттай бастады (Касымбаев, 2002:18). Алайда Ж. Қасымбаевқа дейін Кенесары сұлтанның қырғыз жеріне жорығының ақиқаты толығымен ашылмады, сондықтан да автор осы проблеманы арнайы зерттеді.

Қасымбаев аталған монографиясында Кенесары ханның Жетісуға көшіп келуінің және оның құрбан болуының шынайы картинасын қалпына келтіруге талпыныс жасалды. Басты назар аймақтағы күштердің орналасуына және Хан Кене және оның жақындарының Майтөбеде құрбан

болу ахуалына аударылды. Кенесары сұлтанның Жетісу жеріне келуге мәжбір болғандығын тарихи деректер негізінде дәлелдеді. Е. Уәлиханов бұл мәселені тереңірек қарастырып, Кенесарының Ұлы жүз аумағына келуінің себептерін Орталық Азия хандықтары мен Ресей империясының осы аймақты басып алу қаупінің болуымен, Шу, Сарысу өзендерінің жоғарғы ағысы және Қызылқұм жерлерінде мемлекетін дамытқысы келуімен, патша үкіметінің алым-салықтарды көбейтуінің салдарынан Орта жүздің көптеген ауылдардың Кенесарыдан қол үзуімен, әскерінің материалдық базасын жақсартуды көздеуімен түсіндірді. Авторлар Ұлы жүз билеушілерінің Кенесарыға қатысты екіжақты саясат ұстанғандарын, ханды мойындамағандары туралы жазды.

Ғалым М. Қозыбаев Ж. Қасымбаев тәрізді Кенесары сұлтанның қырғыз жеріне келуі және қаза табуын арнайы зерттемесе де Майтөбедегі қасіреттің бір себебін «қалай болғанда да хан Кене жаңа ортаға тап болды, оның ойы мен қырын, сыры мен мұңын ол толық ұға алмады. Орат Азия көлемінде патша өкіметіне қарсы қозғалыс ашып, бірігудің жолын таба алмады», - деп көрсетті. Бұған қоса сол кездегі халықаралық ахуал да хан Кененің күресіне қақпан болды. М. Қозыбаевтың сөзімен айтқанда, «патша өкіметі жүздік психологияны жақсы игерді, қазақ-қырғыз қайшылықтарын пайдалана білді. туыс екі халық қақпанға түсіп, бір-бірінің қанын төкті, өктемдікке үйренген хан Кене сол қайшылықтарды шешу жолы күш екен деп қате пайымдады. Басқаша айтқанда хан Кене қозғалысы соңғы сәтінде бейбіт халыққа қаталдық танытып, мәмлегерлік саясаттың бар мүмкіншілігін пайдалана алмады» (Қозыбаев, 1994:109].

Ж. Қасымбаев «Главный виновник всех беспокойств в казахской степи» (Касымбаев, 1997) деген мақаласында Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлары «даладағы барлық алаңдаушылықтың басты кінәлісі» атаған Саржан Қасымұлының «патша дивандарының (округтерінің) құрылуына түбегейлі қарсы шығып, патша реформаларына оппозицияға басшылық еткендігі» туралы жазылды. Ғалымның пікірінше, Габайдулла сұлтанның Сібірдің шеткері Березов қалашығына жер аударылуы бүкіл Орта жүздегі өрістеген қозғалысты тоқтата алмады. Себебі реформаларға қарсы наразылық түрінде басталған оппозиция сұлтан Ғабайдулла бастаған жаппай қозғалысқа ауысты. Ғабайдулла сұлтан империяның әкімшілік-саяси жаңалықтарына наразыларды топтастырып, орын алған аухалды хандық мемлекетті қайта жаңғырту үшін пайдаланбақшы болды. Сөйтіп үкіметке қарсы күштерді біріктіруге бел байлады. Бұл істе оған Абылай ұрпақтары қолдау көрсетті. Олардың мақсаты округтық приказдарды жою еді. Көкшетау округтық приказының аға сұлтаны Ғабайдулла қытай шенеуніктерімен жақындасты. Өлкеде сұлтанның беделі артты. Осы оқиғалардың бәрі Ж. Қасымбаевтың арнайы жарияланымында (Касымбаев, 2002) көрініс тапты.

Біруақытта Қарқаралы округына қарасты ауыл қазақтарының толқулары күшейді, ол жерде Қасым төре ұлдарының бірі Саржан сұлтанның қарамағындағы Қарпық болысының қазақтары көтеріліске үн қосты. Абылай ұрпақтарының мықты ықпалы болған Орталық Қазақстанда үкіметке қарсы толқулардың басталуы 1825 жылдың көктемі. Көтерілісшілердің жер аумағын өзгертіп отыруының себебі күреске патша үкіметі «Орынбор қырғыздары туралы» Уставты енгізуді жоспарлап отырған Кіші жүз ауылдарын көтеру, ондағы ойы Кіші орданың соңғы ханы Шерғазы бастаған үкіметке қарсы көңіл-күйді ояту еді. Алайда Е.Ж. Уәлиханов Саржанның ниетін Ж. Қасымбаевқа қарағанда анағұрлым кең түрде көрсетіп берді, яғни: первое, «это открытый вызов царским властям против политики, которую они проводили после принятия «Устава» 1822 года. Второе – это восстановление ханской власти в том виде и в том объеме, в котором она существовала во времена его деда Абылая. Третья – это желание самому стать ханом по наследству, легитимно, при этом опорой ему должны были служить те же социальные слои, которые утвердили Абылая ханом» (Валиханов, 2004:50) деген пайымдаулар жасады. Көтерілістің басты идеясы автордың пайымдауынша дербестік пен тәуелсіздікті дәстүрлі билік

құрылымдары арқылы қайтару. Е. Уәлиханов бұл көтерілістің жеңілуінің себебін Саржан мен Ташкент құшбегі арасындағы саяси тартыс деп анықтады. Саржан сұлтанның күресі он жылдан астам уақытқа созылды. Тарихтан белгілі ол 1836 жылы Ташкент бегінің қолынан қаза тапты. Саржан күресінің Кенесары үшін сабақ болғандығын екі тарихшы да атап көрсетті. Саржан сұлтанның есімі халық жадында, халықтың ауызша шығармашылығында қалды (Касымбаев, 1997).

Отандық тарихнамада Жанұзақ Қасымбаевтың «Кенесары. История, личность, время» (Касымбаев, 2005) атты иллюстративті зерттеуі ерекшеленді. Еңбекте соңғы қазақ ханы, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесары Қасымұлының өмірі мен қызметі баяндалады.

*Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы зерттеулер.* Хан Кененің өмірі мен мемлекеттік қызметі Е.Ж. Уәлихановтың зерттеуінде (Валиханов, 2004) көрініс тапты. Тарихшы қозғалыстың басынан аяғына дейін тарихи жазба деректер бойынша егжей-тегжейлі қарастырды. Хан Кененің ұйымдастырушылық, қолбасшылық, елбастаушылық қабілеттерімен қоса қаталдығын, талапшылдығын, әділеттілігін көрсетті. Кенесарының хан болуға ұмтылысын автор біршама өзше түсіндірді. Оның ойынша «Кенесары Касымов, приверженныйсамой высокой идее, конечно, не мог не обратить внимание на материальное снабжение своих войск, ему нужны были новые пастбища, новые земли, необходимо было отвоевать у царизма все те земли, которые уже были отданы под строительство приказов, укреплений, пикетов. Кенесары считал, что прежде всего необходимо стать объединенным правителем родовых структур Младшего и Среднего жузов» (Валиханов, 2004: 75). Кенесарының барлық қазақтарға хан болуға құқықтары болды. Кіші және Орта жүз оны хан ретінде мойындады да. Алайда мемлекет басшысы болу үшін ол заңды түрде мойындалуы тиіс. Оған қоса көрші елдермен қарым-қатынастар орнатуы керек. Е. Уәлиханов осы мәселеге мән берді. Кенесары Қасымұлының халықаралық байланыстарды жақсартуы қозғалыстың барысына ықпал етті. Хан Кененің елдестіру қызметінің арқасында Хиуамен арадағы қатынастар жақсарып, бұқар әмірі Қоқанды басып алды. Мұның өзі Кіші жүздің Шөмекей, Төртқара, Табын руларының Кенесарыға қосылуына алып келді. Автор айтылғандармен қоса Кенесары құрған хан кеңесі және оның ерекшеліктерін көрсетті. Өзге да посткеңестік тарихшылар сияқты Кенесары Қасымұлының қозғалысының соңғы кезеңін, қаза болуын Е. Уәлиханов аса бір байыппен жеткізді.

Е. Уәлиханов Ж. Қасымбаев тәрізді ханның қырғыздарды Ресей империясының отарлау саясатына бірлесе күресуге шақырғандығы туралы тұжырым жасады. Кенесарының үндеуін саяси диктат деп түсінген қырғыз билеушілерінің қанды қақтығысты таңдағандарын дәйектеді. Хан мен қырғыз манаптарының арасындағы алауыздықтың күшеуі жағдайындағы орыс әскери құрылымдарының әрекетін сипаттады. Кенесары сұлтанның қателікке барғандығын да жасырып қалмады. Қырғыздардың опасыздығын ашып көрсетті. Хан Кененің қазасын тарихи жазба және ауызша деректер бойынша баяндады.

*Ұлы Дала еліндегі азаттық қозғалыстар туралы тың тұжырымдар.* Ж. Қасымбаевтың мерзімді басылым беттерінде Сырым, Саржан, Исатай көтерілістері туралы мақалалары 1990-жылдары жарық көрді. Солардың бірі Сырым Датұлы көтерілісінің даулы мәселелеріне арналды (Касымбаев, 2004). Ғалым отандық тарихнамада Сырым Датұлының соңынан ергендердің саны жөнінде ортақ пікірдің жоқ екендігіне назар аудара отырып, көрсетілген мәліметтерді талдап, тың архив құжаттарының негізінде олардың саны 7000 адам болғандығына (Касымбаев, 2004: 96) көз жеткізді. Автордың дәлелдеуінше, көтеріліс себептерінің бірі казактардың айуандықтары (Касымбаев, 2004: 97). Барон Игельстромның Сырымды хандық билікке қарсы тұруда қажет тұлға ретінде пайдаланғысы келгендігі турасындағы оқиғалардың желісін ашуы еңбектің құнды тұстарының бірі болып табылады. «Сырымның баронмен саяси жақындасуы қозғалыстың отаршылдыққа қарсы бағытын әлсіретті» (Касымбаев, 2004: 97), - деген тұжырымы отандық

тарих ғылымындағы жаңа болып саналады, өйткені осыған дейін мұндай тарихнамалық факті жасалмаған еді. Кеңестік кезеңдегі еңбектерде Сырым патшалық билік өкілдерімен ешбір ымыраға келмейтін адам ретінде ғана көрсетілді. Қозғалыс өзінің даму барысында біресе күшейіп, біресе әлсіреп отырды. Ж. Қасымбаевтың пікірінше, казактардың озбырлығы, патша биліктегілерінің жаңа ханға ымыраластық қарым-қатынасы, ханның жаңа губернаторды жек көруі қозғалыстың әлеуметтік базасын кеңейтіп, оны күшейткен (Касымбаев, 2004:100). Ғалым ұзақ уақыт бойы тарихта орнығып келген Сырым Датұлының Хиуаға кетіп қалуымен қозғалыстың тоқтатылғандығы туралы тұжырымды жоққа шығарып, Сырымның күрестен өз бетімен бас тартқандығын анықтады. «Преследуемый карательными силами, потерявший поддержку значительной части своих сторонников, Сырым 30 августа 1797 г.в сопровождении 1000 сарбазов явился на заседание ханского совета, только что утвержденного тем же О.А. Игельстромом и объявил о прекращении дальнейшей борьбы» (Касымбаев, 2004:100), - деген баяндауы –ғалым тұжырымының дәлелі. Дегенмен Ж. Қасымбаев Сырымның ақырына дейін көшпелілердің мүддесін көздемегендігін «Сырым Датов, хотя и как выдающаяся личность ... все же не был до конца стойким, последовательным борцом за насущные интересы большей части номадов» (Касымбаев, 2004:101), - деп ашып жазды. Дегенмен бұл қозғалыстың отаршылдыққа қарсы бағытталғандығын және оған барлық әлеуметтік категориялардың қатысқандығын, тұңғыш рет әртүрлі топтардың саяси позицияларының ала-құлалығын ашық көрсеткендігін жоққа шығармады. Мұндай пайымдаулар келтірмесе де С.М. Мәшімбаев өзінің еңбегінде (Мәшімбаев, 2015) Сырым Датұлы қозғалысы туралы жалпылама түрде жазды. Автордың қозғалыс жөніндегі баяндауы осы мәселені зерттеген тарихшылармен үндес. Еңбектің ерекшелігі Сырымның шешендік тұлғасы, азаттық қозғалысын қолдаған тарихи тұлғалар ауызша деректер бойынша сипатталады.

Қазақстандық посткеңестік тарихнамада академик М. Қойгелдиевтің «Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. -XXI ғ.басы)» (Қойгелдиев. 2014) еңбегі өзіндік тың тарихнамалық фактілерімен ерекшеленеді. Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліске саяси, әлеуметтік емес, рухани жағынан баға берді. «Исатай Тайманұлы бастаған қозғалыс бұл ретте қазақ қоғамының осы тарихи мезгілде өз ішінде биік рухани құндылықтарды қадір тұтып, қастарлей білгендігінің, ал осы құндылықтар жүйесінде ең биік тұрғаны да сол «қара қазан, сары бала қамы» екендігін, сондай-ақ бұл мәселеде де Исатай Тайманұлы қозғалысы қазақ жұртын әлемдік өркениет көшіндегі алдыңғы ұлттардың қатарына көтеріп тұрғандығын батыл да сенімді айта аламыз» (Қойгелдиев. 2014:188), -деген ғалым пікірінің астарында терең ой жатыр. Кезінде біржақты таптық күрес шеңберінде қарастырылған Исатай және Жәңгір хан қарым-қатынастарына жаңа ұлттық ұстаным тұрғысынан баға берді. Ғалым көтерілістің маңызын өзгелерге қарағанда анағұрлым кең түрде көре алды. «Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісі хан билігіне және оның артында тұрған отарлаушы әкімшіліктің әлеуметтік саясатының, әсіресе жер саясатының тұйыққа тіреліп, қоғамды терең дағдарысқа алып келгендігінің көрінісі еді» (Қойгелдиев. 2014:195), - деген тұжырымы осының дәлелі. XIX ғасырдың бірінші жартысында ұлттың біртұтастығы жолында орын алған күрестің барлығының дерлік өз мақсатына жете алмай, қазақ халқының саяси дербестікке ұмтылысы сәтсіздікке ұшырап отырды. Тарихшы – ғалымның пікірінше, Исатай Тайманұлының Жәңгір хан және Ресей әкімшілігімен ақтық айқасқа шыққан кезі бұл қазақ даласындағы орыс отаршылдығына қарсы қарулы қарсылықтың соңғы кезеңіне тұс келді. Империялық билік қазақ жерін өзіне біржола қосып алу үшін қарсылық көрсеткен күштерді басып тастау мақсатында арсеналындағы барлық айла-әрекетін, сонымен бірге әскери күш қуатын іркілместен іске қосып отырды. Ресей экспансиясына қарсы күресте ірі саяси тұлғаға айналған Арынғазы сұлтанды алдап, Петербургке шақырып алды да, өмірден өткенше Калугада тұқын есебінде ұстады. Хандық билікке заман

сұранысына лайық күш-қуат беруді көздеп хан тағына ұмтылыс жасаған Қаратай сұлтанды бұл мақсатына жеткізбей, өмірінің соңына дейін тежеп ұстады (Қойгелдиев. 2014:196). Тәуелсіздік жылдарында ғана айтылған тарихтан белгілі хан Кенені ұлы жүз қазақтары қолдамады. Көксу басқосуының шешімін А. Янушкевич атаған «Лепсі конгресі» бекітіп берді. Басқаша айтқанда Кенесары күресінің соңғы сатысында қазақ халқы біргейлік таныта алмады. М. Қойгелдиевтің пайымдауынша, «бұл Ресей дипломатиясының жеңісі ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамына тереңдеп еніп, оны бөліп-жарып, өзара қарсы қойып басқару ісіндегі әдісінің салтанат құруы да еді. Бұдан былай кімде -кім қазақ арасында Ресей билігіне қарсылық көрсетсе, ол «жалпыхалықтық тыныштықты бұзушы», яғни қазақ халқының жауы болып саналуға тиіс болды. ... Қалыптасқан объективті жағдай азатшыл ұстанымдағы Кене хан мен оның қосынын қайшылықты да күрделі жағдайға әкеліп тіреді» (Қойгелдиев. 2014: 218).

